


Табиғатым-
ТАҒДЫРЫМ

20.1 қаз
712



Табиғатым – ТАҒДЫРЫМ



Алматы
Қайнар
1991

ББК 20.1
Т 12

Т 12 Табиғатым — тағдырым. /Құраст. С. Байхонов.—
Алматы: Қайнар, 1991.—336 бет.

ISBN 5-620-00460-0

Алатау-Арқа, Атырау-Алтай аясында көсіліп жатқан Қазақстан территориясының өзен-көлі, орман-тоғайы, тау-тасының өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Алайда, мұндағы жан-жануарлар мен өсімдік әлемі, табиғатымыздың басқа да байлықтары соңғы жылдары біздің аялы қамқорлығымызға айтарлықтай зәру болуда. Көптеген кітап оқырмандарын Каспий мен Арал теңіздері, Ертіс, Сырдария, Жайық және Іле, Қарқара сияқты үлкенді-кішілі өзен өңірлерінің табиғи қалпы қатты алаңдатуда. Міне, құрметті, оқырман, қолыңыздағы жинақ авторлары — белгілі публицист, жазушылар, журналист, мамандар осындай сауал төңірегінде ой-пікірлерін ортаға салып отыр.

Кітап табиғат жанашырларына, көпшілік оқырманға арналады.

Т $\frac{1502000000-246}{403(05)-91}$ 51—91

ББК 20.1

ISBN 5-620-00460-0

Серік Байхонов,

Қазақстан Жазушылар одағы

сыйлығының лауреаты

ШЫНДЫҚ ШЕКАРАСЫ

немесе табиғат қорғау мәселесінің кейбір проблемалары

Бүгінде Жер атты жалқы планетаны мекендеген адамзат баласының алдында оның болашағын айқындар, шешуі қиын түйінді екі проблема тұр. Оның бірі — ядролық соғыс қаупі болса, екіншісі — күннен күнге шиеленісіп келе жатқан экологиялық қатер дейміз. Бұл екеуі де әлдебір құдірет-күштің әсерімен емес, адам баласының өз санасының (бәлкім, санасыздығынан шығар) әмірімен дүниеге келгенін материалистік тұрғыда ойлайтындардың кез-келгені түсінеді. Түсінеді де өз қолымен жасағанын өз мойнымен көтеру үшін түн ұйқысын төрт бөліп дөңбекшиді, төніп келген төтенше қатерден шығудың жолдарын іздеп шарқ ұрады. Осы бір жанұшырған, жанталасқан адамды ертегіде айтылатын қырық бірінші құпия есікті ашып алып, енді соны жаба алмай әлектенген байғұспен ғана салыстыруға болар еді. Бүгінгі экологиялық тепе-теңдік жолындағы жаппай дүмпудің түп-тамырын, табиғат тазалығы жолындағы көпшілік қозғалысының себеп-салдарын, міне, осы төңіректен іздестіру керек шығар.

Қазіргідей жаппай жаңару мен жаңғыру кезеңінде болып жатқан революциялық өзгерістерді әркімнің әрқалай қабылдауы заңды. Жан тыныштығын күйттеген, кешегісімен күн кешкен бейкүнә жандардың «жаппай қозғалыс», «экологиялық дүмпу» секілді бойында қаны мен жаны бар сөздерді ә дегеннен тосырқап, тосаңси қабылдауы да түсінікті. Оның үстіне адам психологиясы мұндайда тәттіні көп жеген баладай тез тойып, өз әрекетінен өзі жеріп шыға келетіні тағы бар. Ендеше экологиялық қозғалыс төңірегінде болып жатқан әр алуан талас-тартыс пен эколо-

гия насихатының бүгiнi мен болашағы кiмдi болса да салғырт қалдырмаса керек.

Экология насихатының ауыр жүгiн ең алдымен қаламгерлер қауымы көтерiп келе жатқаны көпшiлiкке аян. Соңғы отыз-отыз бес, одан қалды, қайта құру процесi жүзеге асырыла бастаған мезгiлден бергi аралықта табиғат қорғау тақырыбы баспасөз бетiн бермей келедi. Санға билiк тигенде сапасы түскiрдiң шеттей беретiнi қандай шындық болса, жарық көрген материалдардың дәрежедеңгейi ала-құла екенi де рас. Осыдан болар, оқырмандармен болған бiр кездесуде жазушыларға күтпеген жерден тосындау сұрақ қойылды. Бұл сұрақтың мәнi: «Соңғы кезде табиғат қорғау тақырыбын таптаурын етiп жiбердiк. Қаламгерлер экология мәселесiн өтiмдi тақырыпқа балап, күнкөрiс көзiне айналдырып алмады ма?» — дегенге саятын.

Сол кездесуде болған жазушылардың қандай ыңғайсыз жағдайда қалғанын былай қойғанда, түсiнген адамға бұл сұрақтың артында зiл батпан салмақ жатыр. Оқырман қауымы өзi үшiн бiрден-бiр информация көзiне айналған көркем шығармалар мен баспасөз материалдарының шындық шекарасынан алыс қонбағанын қалайды. Бұл үшiн оларды кiнәлауға қақымыз жоқ.

Соңғы он шақты жыл iшiнде экологиялық қозғалыста публицистика жанры ерекше белсендiлiк танытыпты. Батыл да барлаушы жанрдың осынау күрделi мәселенiң түп-тамырына тереңдеп енген, танымдық, көркемдiк деңгейi жоғары дүниелер берген кездерi де, жалпылай шолып, бетiнен қалқыған тұстары да бар. Баспасөз бетiнде адамзат тарихынан тартып, iрi-iрi су айдындары мен әрбiр ағаш тағдырына дейiнгi аралықта талас-тартыс өрiс алды. Әрине, маңыздылығы жөнiнен заңсыз кесiлген бес ағаш пен Арал проблемасын өзара салыстыруға келмес, бiрақ принцип тұрғысынан, бұл екi объектiнiң екеуi де қажет екенi түсiнiктi.

Бұл жерде мәселенiң бiр ұшы бiлiп жазу мен бiлмей жазуға келiп тiрелетiн секiлдi. Өйткенi жалпы дүрмектiң жетегiне ерiп желпiлдегендердi — бiр тал сiрiңке шырпысына қарап, сонау Сiбiр ормандарының тағдыры жайлы толғанғандарды да оқыдық. Менiң бiр жазушы досымның махаббат жайлы жазылған жап-жақсы әңгiмесi болды. Бiр қызығы, сол әңгiмесiнен жазушы досым экологиялық астар iздеушi едi. «Мен өзiмнiң тұңғыш махаббатымды iздеп ауылға келемiн. Келсем, баяғы кiшкентай қыз да, сол қыз екеумiз суға түсетiн кiшкентай арық та жоқ. Мiне, экология дегенiң қайда жатыр», — деп мәз болатын. Егер

сол досым табиғаттың түбіне жеткен сол бір қажетті-қажетсіз қазыла берген мың-мың кішкентай арықтар екенін білсе ғой.

Бұл оқиғаны әзілге баласақ, бұл жерде бар мәселе жазушы қаламынан туған дүниелердің көркемдік деңгейіне тіреліп тұрмаған секілді. Мәселенің бір ұшы қаламгердің өзі жазып отырған тақырыбын қалай зерттеп-білуіне, аса күрделі ғылымды қалай игеруіне тіреліп тұрған жоқ па екен? Энгельстің «Табиғат диалектикасын», Дарвиннің эволюция заңын былай қойғанда, табиғаттану пәнінің программасын меңгермей жатып, газет-журналдарға қос подвалдық мақала жазатындарды, биік трибуналардан бірнеше сағаттық ұзақсонар лекция оқитындарды көріп те жүрміз. Бұл жөнінде Арал мен Балқашты қорғау жөніндегі қоғамдық комитеттің председателі, белгілі ақын Мұхтар Шахановтың: «Ал экология үшін күресемін» деп кеуде қаққандардың базбірі тіпті, «экология» сөзінің айқын мәнін біле ме екен?» — деп жазғаны есте. Сондай-ақ белгілі эколог, ССРО Табиғат қорғау жөніндегі Мемлекеттік комитетінің председателі Николай Воронцов та экологиялық дүниетанымның, экологиялық дайындықтың маңызын жоғары қояды. Воронцовтың: «Бұл бір өте қиын іс. Энтузиазм мен дұрыс ойлаудан басқа, ол жалпы мәдениеттілік пен табиғат заңдары жайлы нақты білімді қажет етеді. Нақты жетістіктерге жету жолында экологтар бетпе-бет келіп отырған проблема — білім деңгейін, экологиялық түйсіну деңгейін көтеру», — деп жазғанын білеміз.

Экология мәселесіндегі сауатсыздық мысалдарын күн-бе-күн ұштастырып жүрміз. Алматы Жоғары партия мектебінде болған үлкен жиында республика басшыларының бірі сөйлеп: «Биылғы декабрь айында (оқиға 1988 жылы болған еді — С. Б.) Арал теңізінің суы сегіз сантиметрге көтерілді», — деп қуана хабарлады. Сол сәтте дуылдата қол соққан зал ішінде негізінен белгілі ғалымдар мен алдыңғы қатарлы интеллигенция өкілдері, республика партия, совет органдарының болашақ басшылары отырғаны өкінішті еді. «Қуанышты» хабарға желпінген олар сол сәтте Арал теңізіне судың егіс науқаны біткен соң, яғни тек қана қыс айларында құятынын, одан қалды қысқа қарай қатып жатқан теңіздің бет айдынынан судың буланбайтынын білді ме екен?.. Ал республика басшысы болса, мұз бетімен жүрген қызыл суды теңіз деңгейінің көтерілуіне балаған, немесе оған осылай деп жаңсақ мәлімет берген. Мәселенің байыбына бармаудың қарапайым бір мысалы бұл...

1989 жылдың көктемінде Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтында өткен тағы бір жиында республикамызда табиғат қорғау ісімен айналысатын жолдастар: «Егіске берілетін, әйтпесе бекерге ысырап болып жатқан суды үнемдеудің арқасында биыл Арал теңізіне жиырма екі текшеметр су құйды», — деп хабарлады. Зал іші қуана қозғалақтап, бір көтеріліп қалды. Бір өкініштісі, сол сәтте зал ішінде негізінен болашақ агрономдар мен су мамандары отырған-ды. Табиғаттану ғылымын тұпнұсқадан оқитын сол мамандар бүгінде өлі су сақтайтын астау секілді қазаншұңқырға (осылай демеске амал жоқ) азғантай суды апарып төккеннен судың болашағына келіпкелетер ештеңе жоқтығын, ол аз десеңіз қазіргідей су жетіспей жатқан мезгілде сұмдық ысыраптың өзі екенін білді ме екен?

Иә, Аралға су керек, бірақ су тасқыны кезінде, немесе қыс айларында кездейсоқ құйған су емес, жылма-жыл беріліп тұратын жоспарлы су керек, сол суды қалай берудің нақты жобасы керек. Өйтпеген жағдайда бір шелек өлі суға бір қасық таза суды (салыстырмалы түрде айтып отырмыз, әйтпесе Амудария мен Сырдария суының да сапасы жетісіп тұрған жоқ) апарып құя салғаннан ештеңе өзгермейді. Айқай-шумен әрең деп артылдырған азғантай су Аралдың «өмірін» бірнеше айға ұзартуы мүмкін, бірақ теңіз өмірін біржола сақтап қала алмайды. Оның үстіне апарып теңізге тастаған қасқалдақтың қанындай қымбат сол судың Қосөзен атырабы үшін, ондағы тіршілігін тоқтатпаған көлдер үшін қаншалық қажеттігін айтып жатудың өзі артық. Жалпы шөл аймаққа жататын Орта Азияда жаз айларында әрбір текшеметр судың бағасы (егер баға қойылар болса) тиындап емес, сомдап есептелер еді. Тағы да қайталап айтамыз, біз бұл жерде Аралға су берілуіне қарсы емеспіз, сол судың есеппен, жоспармен берілгенін қалаймыз.

Біз тілге тиек еткен бұл екі мысал сені мен менің, көпшілігіміздің экологиялық дайындығымыздың деңгейін көрсетсе керек.

Экология мәселесі, жалпы табиғатпен қарым-қатынас мәселесі қай кезде де ерекше сауаттылықты, ерекше сақтықты қажет етеді. Өйткені белгілі бір ғылым саласындағы білім деңгейі қаншалық жоғары болғанмен, экология заңдарын білмеген, әйтпесе біле тұра білгісі, мойындағысы келмеген адамның іс-қаракеті қашан да ерекше қауіпті. Білмеген жерде жақсы ниеттің жетегінде жүріп жасаған қандай бір істің адамзат тіршілігіне, адамзат болаша-

ғына зиянды болып шығуы әбден мүмкін. Бейбіт мақсатта қолданылуы тиіс атом энергиясының авторы болған адам ядролық қаруды да дүниеге келтірді. Неорганикалық тыңайтқыштар алудың жолын тапқан адам пестицидтер мен гербицидтерді дүниеге келтірді. Аса талантты су инженерінің жобасы бойынша жасалған су қоймаларының, аса дарынды ғалымның жобасымен жасалған завод-фабрикалардың келтірген залалы мен зардабын адамзат тарихы жақсы біледі. Ашылған жаңалық қаншалық ғаламат болса да, адамзат болашағына қауіп төндіретін «қамқорлық» кімге қажет.

Бүгінгі таңда бақылау шеңберінен шығып кеткен техникалық прогрестің табиғатқа өлшеусіз зиян келтіргенін, түптің түбінде адам болашағына тікелей қауіп төнгенін көпшілік жақсы біледі. Бірақ адамның табиғатсыз күні жоқ, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасамай, қажет кезінде оны өзгертпей тағы да тұра алмайды. Ендеше, сол қарым-қатынаста үйлесімділік шекарасын, яғни бірден-бір шындық шекарасын іздеуге тағы мәжбүр.

Табиғатпен бетпе-бет келген шақтарда жіберген кемшіліктеріміз де, жеткен жетістіктеріміз де баршылық екен. Әрине, өткенге салауат, болашаққа аманат дегенге сайып, бәрі-бәрін жылы жауып қоюға әбден болар еді. Әттең, өткеннің ащы сабағын ескермей, онсыз да қиюы кеткен мына дүниеде жығылғанға жұдырық дегендей тегіс жерде тайып жығылып жататынымыз ғана өкінішті.

Осы жерде айдың, күннің аманында, табиғат қорғау ісінің насихаты дәуірлеп тұрған шақта жіберілген бірнеше қателікті айта кету орынды. Бұл қателіктер табиғат алдындағы дәрменсіздіктен, немесе ғылыми ойдың тайыздығынан жіберілді деуге негіз жоқ. Миллиондарға қасірет пен қайғы әкелген Чернобыль трагедиясы секілді мұнда да адамдардың парықсыздығы, бас пайдасын тежеусіз көздеуі басты роль атқарады. Ең өкініштісі, осы қателіктердің қай-қайсысы болмасын талайлардың бармағын тістеткен экологиялық апаттарды көре тұра, біле тұра жіберілгені жанға батады. Апырмау, өз қателігінің қоймалжың қою балшығына бір батып шыққан адам ыза жерді абайлап баспаушы ма еді деп ойлайсыз. Бұл қателіктер адамдардың бас пайдасын көздеуі ғана болса бір сәрі, адамның миы жетпейтін түсініксіз әрекеттер жиынтығы болса ше?

...Сонау Тәжікстандағы кіп-кішкентай Саргазон су қоймасы жарылып кетті. Жүздеген үйлер, бірнеше шаруашылық орталығы су астында қалды...

...Алматы түбіндегі Жаманқұм трагедиясы. Мыңдаған гектар егістік жер жарамсыздыққа ұшырады, кісі өлімі болды. Астаналық облыс тұрғындары да болашаққа қауіппен қарай бастады...

...Өткен жылы Сырдария өзені тасыды. Су мамандары дүрлігіп күтпеген оқиғаның себебін іздеді. Жылма-жыл су жетіспеушілігінен зардап шеккен мамандар Шардараға жылдағыдан көп су жинаған. Нәтижесінде табаны биіктеп, жағалау дамбасы шөге бастаған арнаға су сыймай, жағадағы елді мекендерге қауіп төндірген. Бір ғана қателіктің ақыры — мемлекет үшін миллиондаған сом шығынға түсті...

...Ерте көктемде Арыс өзенінен су жинайтын Бөген су қоймасы шүпілдей толып тұрды. Бір күні Арыстанды-Қарабастың желі тұрып, долы толқындар жағаны соққылады. Үш күнге созылған арпалыстан кейін құтқарушылар жырылуға шақ қалған дамбаны әрең дегенде түзеп үлгерді. Ал төменде, сонау Қараспан тауының етегінде жетпіс мың адам бейқам ғана тіршілік кешіп жатқан-ды.

Ең қорқыныштысы сол — бейбіт жатқан елді дүрліктірмеу мақсатында бәрі-бәрі құпия ұсталған...

Айта берсек мұндай мысалдар көп-ақ. Бұл оқиғаларды табиғат апатына жатқызуға тіптен де негіз жоқ. Бүгінгі ғылыми ойдың деңгейі бұл оқиғалардың алдын алуға әбден қабілетті. Су қоймасының сыйымдылығы қандай? Су құрылысы жобаға сай ма? Жоғарыдан қанша су келеді? Ең соңында, аузы күйген адамдар есте ұстауға тиісті қарапайым сақтық шараларын қайда қоямыз?

Бүгінде үлкенді-кішілі өзендердің тірлігіне қауіп төндірген су қоймалары жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Су қоймалары өзен-судың табиғи тіршілік жүйесін бұзатынын, су қоймасының бет айдынынан буланған бу өзен-судың танабын тартып, қансып қалған құрғақ арналарға айналдыратынын бәріміз білеміз. Біз білмегеннен, біз түсінбегеннен үлкенді-кішілі өзендердің жолын тосқан жасанды жалған теңіздер саны азайды ма?..

...Бүкіл Совет халқы Аралды айтып аһ ұрып жатқанда, Сырдарияның жоғары ағысында жаңа жерлер игеріліп, жаңа каналдар жобасы жасалды...

...Балқаштың бағы тайған шағында Бартоғай су қоймасы суға шүпілдеп толып, одан үлкен Алматы каналы бастау алды.

...Арал мен Балқашты қорғау комитеті құрылып, Ақадыр алқабындағы миллиондаған сом қаржы жұмсалған егіс танаптары қысқарып жатқанда, Бестөбе су қоймасының құрылысы қолға алынды. Балқаштың еншілесі Ша-

рын өзенінің суы сметалық құны бірнеше миллион сомдық канал құрылысы біткен соң Қарқара жайлауы арқылы Қырғыздың Ыстықкөліне құяды. Балқаш тағдырын, бүгінде халық шаруашылығы үшін аса қажетті мемлекет қаржысын былай қойғанда, жер жаннаты Қарқара тағдыры картаға салынады. Осының бәрі Кеген ауданының халқын сусыз қалдыру үшін... және Ыстықкөл деңгейін бір сантиметрге көтеру үшін қажет болыпты.

...Москвада болған бір жиында Арал үшін жаны ауырған бір ғалым Түркменстанның Қарақұм каналына ауыз салыпты. Жылына он төрт текшеметр су алатын құрдымды «ғасыр қателігі» деп атапты. Қате болса қате шығар, енді бүгін естіген құлақтан ұят, адамның жаны түршігетін пікір, өйткені құм арасындағы күретамырдан қазір жарты миллион адам өз нәпақасын айырады. Арамыздан «ғасыр қателігін» тез арада түзей салғысы келген адам шыға қалса, жығылғанға жұдырықтың нағыз өзі сол болар еді. Ашынған жандар амалсыздың керінен ағайынның аяулысына ауыз салып жатқанда, ССРО Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі түк болмағандай Тәжікстанның Бахш каскадында Рогунск су қоймасы жасала қалса, жер бетіндегі ең биік тоспаның жер сілкіну қаупі бар аймаққа орналасқанын былай қойғанда, мыңдаған гектар егістік жер су астында қалады, 42 елді мекен жер бетінен біржола жоғалады, 22 мың адам кіндік кескен атамекеннен қол үзеді. Егер Рогунск су қоймасы жасала қалса онсыз да тандыры кепкен Әмударияның Арал теңізіне берер еншісі тағы да бірнеше миллиард текшеметрге азаяды... Бұл жөнінде аз айтылып, аз жазылып жүрген жоқ, соған қарамастан Рогунск аймағының халқы қазірдің өзінде жаңа жерлерге қоныс аудара бастады.

...Су... Су қоймалары... жасанды, жалған теңіздер... Шардаралықтар су астында тұншыққан Ақтөбе мен Жаушықұм ауылын, жетісулықтар Қапшағай «теңізінің» астында қалған ата-баба қабірін жоқтап жүргенде, ұлтарақтай артық жері жоқ тәжік ағайындардың тағы бір «алыпты» дүниеге әкеліп, айды аспанға бір-ақ шығарғысы келгені өкінішті.

...Менің Шеңгелдіде туып-өскен бір досым Қапшағайға суға түспейтін. «Ілені бөгеп, ойпатты толтырғаннан кейін су бетінде адам сүйектері қалқып жүріпті», — деп азар да безер болатын. Шардара теңізін өз қолымен жасаған белгілі мелиоратор, марқұм Әбдікәрім Ахметов ақсақал да дәл осындай жағдайды жиі айтып отырушы еді. Әбекеңнің сөзіне қарағанда, су қоймасын толтырар алдында жергілікті тұрғындарға бейіт-қорымдарды тез арада

көшіру қажет деп хабарланады. Егесі барлар өз мүрделерін әкетеді де, иесіз қорымдарды көшіруге сырттан адам шақыртылады. «Сол жазда әлдеқайдан сап ете түскен бірнеше жолбике пайдаға шаш-етектен батып, оларға Шардара құрылыс басқармасы жүз мың сомның үстінде ақша төледі», — деп отыратын Әбекең.

Бұл әңгімеге күдікпен қараушылар табылар-ау, өз басым сенемін. Өйткені біздегі әкімшілік-басқару аппараты өз қажеттілігі үшін ақша төлеуден (өз қалтасынан болса ғой!..) ешқашан қашқан емес. Басқа басқа, еліміздегі ең қуатты, ең құдіретті — Мелиорация министрлігі үшін жүз мың сом деген немене, тәйірі! Өткен жылы «Советская Кубань» газетінде (7.11.89) су шаруашылығы министрі Н. Васильевтің жауабы басылды. Ол министрлік жүзеге асырған құрылыс жұмыстарында жіберілген қателіктерді мойындай отырып: «Біз жобалаушылар мен құрылыс ұйымдары тарапынан жіберілген олқылықтарды түзету үшін ақша бөлуге дайынбыз. Мен сіздердің мелиоративтік жүйелеріңізді қайта құру үшін жаңа құрылыс жұмыстары есебінен кез-келген ақша қаражатын аударуға келісемін...» — деп жазған болатын. Қазақта «жығылсаң жер көтереді» деген ұғым бар. Тікелей жермен байланыста жұмыс істейтін министрлік қателіктерін жер көтермегенде кім көтерсін!

Айта берсе көп. Басы-аяғы жоқ тұйық шеңбердің өзі. «Ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді» деген де бар, бәлкім қол қусырып қарап отыру керек шығар? Бәлкім, табиғат-ананың құқына қол сұқпай, бәз баяғы қалпында қалдыру керек шығар? Өз басым солай деп ойлаймын. Солай десек те, алдағы он бес жыл ішінде еліміз бойынша салынуға тиісті тоқсан екі (!) су электр станцияларының тағдырына бұрынғыша бейқам қарауға қақымыз жоқ. Неге тоқсан екі?! Он бес жылдан кейін салынатын станцияларды неге қазірден бастап жобалауымыз керек?! Ғылымның болашақ кадрлерінің күш-жігерін болашақ су қоймаларын жобалауға бағыттау өзін-өзі ақтай ма? Күні кеше ғылыми ойдың қаймағы Сібір өзендерін оңтүстікке бұру төңірегінде топтасты. Ондаған жаңалықтар дүниеге келді. Сонда да не ұттық? Мемлекеттің бір миллиард сом қаржысы желге ұшты. Ал жоғарыдан Арал теңізін қорғауға пәрмен келген шақта Аралдың күретамыры Сырдария өзенінің тағдырына негізделген бірде-бір ғылыми жұмыс таба алмай дал болдық. Себеп не? Себеп біреу — жоғарыға қол жаю, үлкенге де, кішіге де жоғарыдан пәрмен күту. Бұған өз замандастарымыздың экологиялық дайындық деңгейін қоссақ, мәселе өз-өзінен айқындалады.

Басқаларды қайдам, қарапайым қазақ оқырманы үшін «экология» деген ұғым тіптен бертінде енді. Біздің әкеле-ріміз құлақ үйреткен «табиғатты бағындыру» деген сөздің орнын «табиғатты қорғау» деген терминнің басқанына не бары жиырма шақты ғана жыл өтіпті. Өйткені бұрындары көресіні табиғаттағы баршылық пен молшылықтан көріп келген адамдар енді табиғи ресурстардың жетіспеушілігімен бетпе-бет келді. «Қарғын», «сел», «тасқын» деген қорқынышты сөздердің орнын, «антропогендік құрғақшылық» деген түсінікке түрпідей тиер термин алмастырды. «Тыңға шабуыл», «жаңа жерлерді игеру» секілді ұғымдардың орнын «егіс көлемін қысқарту», «су үнемдеу» деген сөздер басты. Әрине, мұндай жағдайда шындық шекарасын дөп басу, іс-қимыл программасын анықтап алу кімге де оңай шаруа емес.

Бүгінде көпшілік қауым «Арал теңізін қалай да сақтап қалу қажет» деген ортақ пікірге бекем бел буған жайы бар. Арал үшін қандай да болсын құрбандыққа баруға болатыны анық. Солай десек те миллиондаған адамдар тағдырына қатысты бұл мәселеде тағы да бір қателікке ұрынуға қақымыз жоқ. Ана жылдары «Ертіс — Қарағанды каналын Сырдарияға әкелу қажет» деген пікірлер айтылды. Құрылыс жұмыстары қыза келе, Ертістің еншілесі болған канал суының Жезқазған қаласына жету-жетпеу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Баспасөз бетінде Есіл мен Тобылдың, ол ол ма, Ыстықкөлдің суын Аралға апару жайлы пікірлер қылаң беріп қалады. Ал енді: «Сырдария мен Әмудария бойында егіс көлемін қысқарту керек», — деген пікірдің жаны бар. Бірақ «қысқарту керек» дегенде Сырдариядан су ішетін он екі миллион халықтың тұрмыс-тіршілігін, болашақ қарекетін ескермей тұрып, іске шұғыл кірісіп кетуге болмайтыны тағы шындық. Арал үшін шыбын жандары шырқыраған қызылордалықтар облыстағы күріш көлемін күрт қысқартып, 105 мың гектардан 85 мың гектарға түсірді. Төтеннен жасалған бұл шара облыстың халық шаруашылығы балансына әсер етті, онсыз да жұмыссыздық нышандары көрініп қалып жүрген регионда жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету проблемасы пайда болды. Соңғы елу жыл ішінде қалыптасқан диқандар әулетін бірер жыл ішінде басқа кәсіпке үйрету психологиялық, кәсіби машық тұрғысынан алғанда біршама қиындықтар тудырды. Күріш дақылын өсіруге бейімделген салалық мамандандырылған колхоз, совхоздарды басқа шаруашылық салаларына бағыттау жоғарыдағылар ойлағандай оншалық оңай болмай шықты. Мәселенің ау-жайын байқаған соң облыс күріш егісінің

көлемін қайтадан 95 мың гектарға көтеруге мәжбүр болды.

Аралға жоспарлы су берілуі тиіс. Ол үшін Сырдария мен Әмудария бойындағы мақта мен күріш егісін сөзсіз қысқарту керек. Осылай дей тұра Сырдарияның ең төменгі ағысындағы жарты миллион халықтың негізгі күнкөріс көзі болып отырған 95 мың гектар күрішке қажетті суды түгелдей Аралға бергенде, танабы тартылған теңіздің еншісі бес процентке ғана көбейетінін, бес процент су теңізге тамған тамшы ғана екенін есте ұстайық. Мәселені ғылыми негізделген нақты жоба бойынша одақтық көлемде комплексті түрде жүргізу қажеттілігі осыдан туады.

Қарап отырсақ, экологиялық сауатсыздық мәселесі тек қана қазақ топырағына емес, бүкіл елімізге, одан қалды әлем халқына ортақ болып шығады. Айырмашылығы, табиғи ресурстардың жетіспеушілігімен біреу ерте, біреу кеш жолығуында ғана жатыр. Жалпы экология ғылымы қаншалық жас болса, табиғатты қорғау ісінің де өмірбаяны соншалық қысқа. Табиғи ортаны қорғаудың халықаралық Одағының құрылғанына не бары отыз жыл, айналадағы ортаны қорғауды комплексті шешу жолдарын белгілейтін 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған биосфералық және экологиялық зерттеулердің жалпы академиялық программасы әлі күнге дайын емес. Өз республикамызда көпшілік назарына ұсынылған табиғат қорғау ісінің жоба-концепциясы әлі де нақтылай түсуді қажет етеді. Ол ол ма, өнеркәсіп орындарын экологиялық паспорттау мәселесі де кешеуілдеп отыр.

Меніңше, жетпіс жылдық тарихы бар, табиғат ресурстарын жаппай игеру ісін кешеуілдетіп бастаған Советтер Одағы үшін табиғат қорғау ісінің ғылыми негізделген жөн-жобасы кешеуілдеп қалуы әбден заңды. Біз бұған дейін «жаппай бағындыру» ұранының жетегінде жүріп табиғи ресурстарды игеруде экстенсивтік бағыт ұстадық. Енді ғана аяғынан қаз тұрған социалистік қоғам құндылықтарын сақтап қалу үшін қандай да болмасын құрбандықтарға баруға тура келгені анық.

Ол аз болса, ай жарықта адасып, өзіміз отырған ағаштың бұтағын өзіміз шапқан кездеріміз де аз болмапты. Жаратылыстану ғылымынан Мендель заңын, жалпы табиғи сұрыпталу секілді аса маңызды танымдарды біржола шығарып тастаған кезіміз күні кеше. Одан ары барсақ, 1948 жылдары лысенковшылдық науқаны дәуірлеп тұрған шақта «табиғатты совет адамынан қорғаштау ессіздік» деген жалған ұранның жетегіне ердік. Биология ғылымын жалған материализммен, жалған лысенковшылдық-

пен тұншықтырған мезгілді аға ұрпақ өкілдері әлі күнге ұмыта қойған жоқ. «Табиғаттың бермесін тартып алайық», «Адам — табиғат қожасы» секілді күн жеп, әбден сарғайған ұран-транспаранттарды әлі күнге көзіміз көріп жүр. Ендеше, табиғат қорғау тақырыбы көп жазылып кетті деген күдіктен арылатын, бәрі-бәрін басынан бастап, адамдардың жан айқайына құлақ түретін уақыт жетті.

Бүгінде экология мәселесі тек қана ғылыми ізденістер мен қаламгерлер толғанысының объектісі болуынан қалып, жалпыхалықтық, мемлекеттік маңызды іске айналды. Соңғы үш-төрт жыл көлемінде ғана елімізде экология мәселесін кеңінен қарастырған бірнеше халықаралық форумдар өтті. Сондай маңызды жиындардың бірі — Ашхабад қаласында өткен табиғат қорғау энтузиастарының он төртінші ассамблеясында: «Табиғат қорғау жеке адамдардың ісі емес, әрбір мемлекеттің төл еншісі», — деп атап көрсетілді. Ал енді табиғат қорғау мен табиғатпен қарым-қатынас үйлесімділігін анықтау мәселесін ведомстволық жолға қойған елдер аз емес. Америка Құрама Штаттарында қоршаған ортаны қорғаудың федералдық агенттігімен қоса, тікелей президентке бағынатын бақылаушы Совет жұмыс істейді. Польша, Болгария, ГДР сияқты социалистік елдерде Табиғат қорғау министрліктері жемісті жұмыс жүргізіп келеді. Норвегияда бұл министрлік елдегі ең беделді, ерекше артықшылықтар берілген ведомство болып есептеледі.

Қайта құру кезеңінде мұндай шаралар біздің елімізде де жүзеге асырыла бастағаны қандай жақсы. Елімізде көптеген министрліктер қысқартылып жатқан шақта, ССРО Мемлекеттік Табиғат қорғау комитеті құрылып, оның жетекшілігіне әдеттегідей көп әкімнің бірі емес, белгілі ғалым-экологтың бекітілуі, ССРО Жоғарғы Советі жанынан экологиялық комиссия құрылып, оның басшылығына белгілі ақын, қоғам қайраткерінің сайлануы күпті көңілде үміт отын оятады. Өткен жылы осындай комитет өз республикамызда да құрылды. Осы жерде жаңадан құрылған ведомствоның алғашқы қадамдарын құптай отырып дербес билікке ие болуына мүмкіндік беріп, басқа министрліктер мен Жоспарлау комитетінің жетегінде кетпеуіне күш салу қажет дер едік. ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, белгілі ақын Мұхтар Шаханов басқаратын қоғамдық негіздегі экологиялық комитет соңғы кездері өзінің Қазақ ССР Мемлекеттік Табиғат қорғау комитетімен альтернативтік негізде жұмыс жүргізуге мүмкіндігі бар екенін дәлелдеп берді. Бұл комитет басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар-

мен қатар, экологиялық насихаттың кең өріс алуына күш салып, республика ғалымдары мен қаламгерлерінің басын қосып отыр. Өкінішке орай, кей-кейде республиканың жекелеген басшылары тарапынан комитеттің ұстанған бағытына, жүргізіп жатқан іс-шараларына деген қолдау мен қолқорлық жетіспей жататыны қиналтады.

Бір сөзбен айтқанда, экология мәселесі енді-енді қолға алынып, енді-енді аяғынан қаз тұрып келеді. Осындай жағдайда табиғат пен адамдар арасындағы қарым-қатынаста жіберілген қателіктер саны көбейіп кетуі заңды. Арал мен Балқаш, Байкал мен Ладога көлдерінің аянышты тағдырын былай қойғанда, завод, фабрикалар құрылысын жоспарлауда, егіс айналымын жасап, мелиоративтік жұмыстар жүргізу кезінде жоқ жерден жаңылып, тегіс жерде сүрініп кетіп жатамыз. Өз басым, басты қателік — адамдардың тәжірибесіздігінен, яғни мәселеге үйлесім тұрғысынан қарап үйренбеуінен бе деп ойлаймын. Табиғатты сүйе білу де белгілі бір дәрежеде дайындықты, одан қалды шын мәніндегі интеллигенттікті қажет етеді деседі. Оның үстіне көпшілік қауым қоршаған ортаны қорғау қажеттілігіне көз жеткізгелі оншалық көп уақыт өткен жоқ деп жоғарыда айттық. Кей-кейде маған табиғат ресурстарының тек мол көзінде өмір сүрген аға ұрпақ өкілдері әлі күнге сол бір молшылық елесінен арыла алмай, ескі инерциямен кетіп бара жатқандай сезіледі. Ендігі бір себеп — тоқырау кезеңінің қалдырған қолтаңбасында жатуы да мүмкін. Көрсек те көрмегендей, білсек те білмегендей аузымызға құм толтырып алғандай, үн-түнсіз, бейқам өмір сүрген кезіміз болды емес пе? Айта берсек көп. Табиғатқа басыбайлы қожалық ететін «жасампаз жандар» жайлы түсінік те сол кезде қалыптасыпты. «Табиғаттың бермесін тартып аламын» дейтін тасыр мінезге тізгін салар күш табылмады. Табиғи ортаны қорғаудың халықаралық Одағы жасаған «Табиғат қорғаудың дүниежүзілік стратегиясында»: «Адамның жер бетінде қожалық етуінің басты кеселі — бүгінгі күннің пайдасын тежеусіз көздеуінде болып отыр», — деп жазылған. Табаны қуырылып, танабы тартылып бара жатқан табиғи су айдындары, су сырқатымен ауырған өзендер, мұнай мен газ араласқан ауасы қолқаны қабар қалалар тағдыры бүгінгі күннің пайдасы тежеусіз кездесудің нәтижесі емей немене?!

Біз бұл жерде «табиғатқа тіптен де тиюге болмайды», әйтпесе, «су қоймаларын жасауға болмайды» дегенді айтқымыз келіп отырған жоқ. Тіршілік болған соң, адамдар табиғатпен қарым-қатынас жасамай тұра алмайды. Мәсе-

ле шындық шекарасын дөп басуда, табиғи үйлесімнің тілін түсінуде дейміз.

Гидротехника ғылымы шұқшия зерттеліп шындық шекарасын дөп басқан сәттерді де біледі. Шу өзеніндегі Орта Тоқай мен Шөміш шатқалдарының бойында бірнеше су қоймасы бар. Осы қоймаларды салуға мұрындық болған ленинградтық инженер Владимир Васильев ең алдымен табиғи үйлесімге назар аударып, жобалау жұмыстарын содан кейін ғана бастау керек деп есептеген.

Бүгінде сол Васильевтің қабірі Шу өзенінің бойында тұр. «Мұнда келген адамдар Шу өзенінің бойында су қоймаларын салса, ол біржолата тұралайды. Шу егіске су беріп қана қоймай, балық тұқымын көбейтіп, төменгі ағыстағы аңдар мен құстарды асырауы керек», — деп жазыпты Васильев.

Осылай деп айтқан, туған табиғаты үшін жаны шырқыраған бір ғана Васильев болмаса керек. Табиғи үйлесім, шындық шекарасы үшін күрескен Васильевтер үнін тоқырау кезеңіндегі әкімшілік аппаратының шолақ бұйрығы басып кетіп жатты. Көкірегіннің көзі бар жандардың жан айқайы бүгінмен өмір сүрген көрсоқыр көпшіліктің қолынан шыққан қағаз тасқынының астында қалды. Оның ақыры — Арал, оның ақыры — Балқаш, Шу мен Сырдария, белі кеткен адамдай Жетісудың жеті өзені.

Қош. Сонымен сөзімнің басындағы оқырман сұрағына қайта оралайын. «Осы біз экология тақырыбын өнімді тақырыпқа, — күнкөріс қамына айналдырып алмадық па?» Осы сөздің артында батпандай салмақ, жүгі ауыр жауапкершілік жатыр.

Табиғат қорғау тақырыбын біліп те, білмей де жаздық. Менің ең алғаш жазғаным — Шардара теңізінің тағдыры еді. Мен көрген теңіз өзім қиялымда жасап алған көп теңіздерден бір аумайтын. Жағасында көк желекке малынған ақшаңқан қаласы да тұрды, жағажайда қармағын сайлаған топ-топ баласы да жүрді. Бәрі де жарасымды, тіптен бар ғой, уақыт рухына лайықты секілді еді.

Құм арасында шалқып жатқан ақ айдын жайлы шежіре шерткен жалғыз мен емес. Түрікмен таңын түлеткен Қарақұм каналы мен астаналық облыстың халқын сумен қарық қылуға тиіс Үлкен Алматы каналы жайлы қаншама сұлу сөздер айтылды. Бәрі де жарасымды, уақыт рухына лайық болатын. Енді ше?! Бүгін ше?!

Туған жер тағдырын ойлап, түн ұйқысын төрт бөлген қаламдастың көкірегінде бір ғана арман бар. Ол — шындық шекарасы. Табиғатпен бетпе-бет келген адамзаттың кеудесінде мейірбандық отын жағу қажет, тәй-тәй басқан

сәбиді табиғат-ананың бауырына қарай бастамақ керек. Уақыт рухы осыны тілейді, уақыт талабы осыны қалайды.

Өз ойымды Мэлор Стуруаның: «Ядролық және экологиялық апаттар біздің планетамызды тұрмыс үшін бұрынғыдан әлдеқайда қауіпті орынға айналдырды. Ал екінші жағынан алғанда біршама тәжірибе жинақтадық. Даналықты тек қана кітаптан алмайды, даналықтың азабын да шегу керек. Егер азап шегу даналықты тудырса, даналық сол азап мөлшерін азайтуы тиіс», — деген сөздерімен аяқтағым келеді.

**ҚОЛДА БАРДЫ
ҚАДІРЛЕЙ БІЛЕЙІК**

немесе

ЖАНДАУЫСЫ



Торғай Шандыров,

Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі
мемлекеттік комитеті председателінің
бірінші орынбасары

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

Қазіргі қайта құру кезеңінің барысында дүниеге келген үлкен өзгеріс, соны жаңалықтардың бірі — бұл экология. Бұрын ол жөнінде жұмған аузымызды ашпаушы едік. Енді міне, айнала қоршаған ортаның амандығын сақтау, табиғатпен арадағы тепе-теңдікті қаз-қалпына келтіру төңірегінде кез-келген жерде байбалам салып, экологиялық проблемалар күн тәртібіне бұрынғы қай кездегіден де тым өткір қойылып жүр. Бұл тұста партия мен үкімет тарапынан тиісті қаулы-қарарлар қабылданып, оның бәрі шиеленіскен экологиялық жағдайды сауықтыруға, туған табиғатты аялауға, табиғи ресурстарды көзін тауып, ұқыпты да үнемді пайдалануға бағытталды. Осы мақсатта белгіленген саяси, ұйымдастыру, экономикалық және идеологиялық шаралар комплексі де біршама. Еліміз бойынша табиғат қорғау органдарының біртұтас жүйесі құрылды. Ұзақ мерзімдік сипатта, XIII бесжылдыққа және 2005-ші жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік комплексті программа жасалды.

Біздің республикамызда бұл жұмыс кешегі тоқырау жылдарының тұсында өз бетімен жіберіліп, табиғат қорғау қызметінде ойсыраған олқылықтарға жол берілді. Кейбір келеңсіз жәйттердің де куәсі болуға тура келді. Атап айтқанда, табиғи ресурстарға деген көзқарасымыз мүлдем теріс болды. Оны шама-шарқымызша талан-таражға салу, жыртқыштықпен тонап, оған тек тұтыну тұрғысынан қарау кең етек алды. Тауды тіліп, тасты бұзып, табиғаттың бермесін тартып алу пиғылы күллі психологиямызды билеп-төстеді десек, артық айтқандық емес.

Оның бергі жағында өндіргіш күштерді орналастыру төңірегінде де толық есеп болмады. Шаруашылықты жүргізудің экстенсивті әдісі үстемдік етті. Ескіше ойлап, ескі сарынмен жұмыс істеудің салдарынан кейбір аймақтар мен аудандарда өндіріс ошақтары шамадан тыс көбірек шоғырландырылды. Бұл, сайып келгенде, айнала қоршаған ортаға салқынын тигізіп, кері әсер етті. Яғни, үлкен

салмақ салды. Экологиялық жағдайлардың күрт шиеленісіп, аяқ астынан ширьға түсуіне бірден-бір түрткі болды.

Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті өзі құрылған бірер жылдың ішінде республика бойынша қалыптасқан экологиялық проблемаларға жан-жақты талдау жасап, бірқатар бағытта экологиялық экспертизалар жүргізуді қызу қолға алды. Соның нәтижесінде ауасы лас, өзен-көлдері өндірістің сарқынды суларымен ылайланған, егістік жерлері құнарсызданып, эрозияға ұшыраған өңірлер, жекелеген қалалар анықталып, олардың экологиялық картасын жасауға мүмкіндік туды. Кейбір шикізат түрлерін, отынды есепсіз тұтыну, күлі көп, қызуы аз көмірді байытуға әлі күнге енжар қарауымыз, қалдығы аз немесе қалдықсыз технологияны өндіріске енгізіп жарытпауымыз, түтін тұтқыш және тазарту қондырғыларымен жарақтануымыздың кемдеу соғуы — осының бәрі бұрын ойға келмеген шаруа болса, ендігі жерде күнделікті жұмысымыздың басты мазмұнына айналды.

Бір ғана мысал. 1987 жылға дейін әуе кеңістігіне шығарылған залалды заттардың көлемі шамамен 500 мың тоннаға өсіп, ұлғайып отырды. Былтыр бұл цифр 192 мың тоннаға кемітіліп, жалпы аумағы 5,3 миллион тоннамен шектелді. Әсіресе, Павлодар, Қарағанды және Жамбыл облыстарында әуе кеңістігінің ластануы сәл де болса азайғанын көреміз. Нақ қазіргідей демократиялық және жариялылық жағдайында экологиялық тұрғыда пайымдауымыз, экологиялық ой-өрісіміз әрдайым толығып отыруға тиіс. Яғни, айнала қоршаған орта жайлы білігіміз бен біліміміз мол, экологиялық сауатымыз толық, экологиялық тәрбиеміз бен мәдениетіміз жоғары дәрежеге жеткені абзал. Бұл айтылғанның онсыз да табиғи жағдайлары қиын Шымкент, Қызылорда, Жезқазған облыстарының тұрғындарына тікелей қатысы бар. Сол сияқты Арқаның салқын самалы есіп тұрған Көкшетау, Целиноград облыстарында, республикамыздың батыс аймақтарында орналасқан Гурьев, Орал облыстарында да ауаның тазалығы әнебір жақсы емес. Бұл тұста әуе кеңістігін залалды заттармен ластап отырған өнеркәсіп ошақтарының үлес салмақтары әрқалай. Мәселен, ССРО Газ өнеркәсібі кәсіпорындары 67 процент, ССРО Химия машиналары — 35 процент, ССРО Мұнай өнеркәсібі министрлігі 24 процент мөлшерінде орын алады.

Бір сөзбен айтқанда, республикамыздың өндіріс орталықтары мен қалаларының ауасы, ластануы жағынан алғанда, әлі де дабыл қағарлық жағдайда. Соның ішінде Теміртау, Жамбыл, Өскемен, Зыряновск, Лениногор, Алматы және Шымкент қалаларында ауа құрамындағы залалды

заттар деңгейі қалыпты мөлшерден әлденеше есе көп. Өкінішке орай, түсті металлургия кәсіпорындары әзірге айылдарын жиятын емес. Олар жылына ашық ауаға 706,6 мың тонна залалды зат шығарады. Оның ішінде бес мың тоннаға жуығы тап-таза қорғасын. Кей тұстарда қорғасын бұлттар еңсемізді басып, қорғасын тозаңдары қолқамызды қауып жатады.

Бүгін таңда республикамызда ССРО Түсті металлургия министрлігінің 37 кәсіпорны болса, бұлардың залалды зат шығаратын нүктелері 6,5 мыңнан астам. Осынша ластағыш дүниенің 60 процентке жетер-жетпесі ғана тазарту қондырғыларымен жарақтанған. Ал өзгелері төңірегін түтінмен тұмшалап, айналасына түсті металды құшақ-құшағымен лақтырады. Әсіресе, бұл жағдай Өскемен қаласында қолмен қойғандай. Мұнда қала бойынша ашық аспанға шығарылған залалды заттардың 60 проценттен астамы түсті металлургия кәсіпорындарының еншісіне тиеді.

Лениногор полиметалл комбинаты да айналасын былайлап, ластап отырған кәсіпорындардың қатарына жатады. Мұнда залалды зат шығаратын нүктелердің тең жартысына жуығы тазарту, тұту қондырғыларымен жарақтанғанмен, үштен бірінің тиімділігі жобада көзделгендегіден әлдеқайда кем. Негізгі технологиялық және қосалқы жабдықтардың әлсін-әлі ақауға ұшырауы салдарынан залалды заттардың шамадан тыс көп шығарылуына әр кез жол беріледі. Сол себепті де ауа құрамындағы қорғасын мөлшері қалыпты нормадан 4 есеге, күкірт 3 есеге артық.

Шымкент қорғасын заводының да будақ-будақ қопқою түтіндері облыс орталығы тұрғындарын соңғы кезде қатты алаңдатып жүргені ақиқат. Мұнда ауаға тарайтын залалды заттардың 40 проценті шығарылады. Оның үстіне бұл завод қаланың қақ ортасында, тұрғын аудандармен жалғас жатыр. Жабдықтары ескіріп, моральдық жағынан тозған. Технологиялық процестері де көне. Түтін құрамындағы қорғасын тозаңдарын тұтып қалатын, улы газдардан айыратын тазарту қондырғылары жоқтың қасы. Сондықтан да ауа құрамындағы залалды заттар қалыпты мөлшерден он есе, кейде тіпті жүз есе асып түседі. Ол аз десеңіз, күні бүгінге дейін заводтың зиянды қалдықтарын онан әрі өңдеп немесе көзін жоятын, қашыққа апарып көметін мәселе де біржақты шешілмеген. Соның салдарынан Бадам өзенінің жағалауына төгілген үйінді 176 мың тоннаға жуық.

Балқаш қаласы тұрғындарының да жұпар ауадан жұтаңдық көріп отырғаны екінің біріне етене. Өйткені, мұндағы «Балқашмедь» өндірістік бірлестігі күйелі ағаш

тәрізді лас кәсіпорын. Ауаға тарайтын залалды заттардың 90 проценті осы бірлестіктің үлесіне тиеді. Яғни, жыл сайын әуе кеңістігіне 291,8 мың тонна залалды зат шығарады. Бірлестік бойынша мыс балқытудың технологиялық пештері соңғы кездері біраз жетілдірілгенмен, залалды зат шығаруды шектеу ісі күткендей нәтиже берген жоқ. ССРО Түсті металлургия министрлігі мұндағы шикізат құрамындағы күкірт мөлшерін 30 процентке ұлғайтуды жоспарлап, ал өз кезегінде күкіртқышқылы өндірісінің пештерін сенімді технологиямен қамтамасыз ете алмай отыр. Керек десеңіз, мұнда шаң-тозаңды желдетіп, көлденең газды айыратын тазарту қондырғылары да тапшы.

Республика өнеркәсібі бойынша ауаға шығарылатын залалды заттардың 18,6 проценті немесе 981,5 мың тоннасы ССРО Қара металлургия министрлігінің үлесіне тиеді. Ал енді осының төрттен үш бөлігі Қарағанды металлургия комбинатының еншісіне жатады. Демек, тек Теміртау қаласының ғана емес, бүкіл Қарағанды облысының территориясын негізінен айғыздаушы сол комбинат. Мұнда күні бүгін ашық ауаға залалды зат шығаратын 2,4 мың нүкте бар. Оның 38 проценті тазарту қондырғыларымен жабдықталмаған. Газ тәрізді, сондай-ақ сұйық заттарды залалсыздандыру, түтін құрамындағы металл тозаңдарын тұтып қалу шаралары талап дәрежесінде емес. Мұның өзі 580 мың тоннадан астам залалды заттың ауаға тазартылмаған күйінде таралуына жол беріп жүр.

Бүгін таңда комбинатта № 8-ші кокс батареясының құрылысы қызу қолға алынған болатын. Ол жоба бойынша жылына 1 миллион тонна кокс шығармақшы. Өкінішке орай, бұл да күнілгері экологиялық экспертизадан өткізілмеген. Біздің республикалық комитет бұл құрылысты қаржыландыруды тоқтату жөнінде бірегей шешім қабылдады. Жаңа кокс батареясының айнала қоршаған ортаға қаншалықты салмақ салатынын білмейінше, сосын оған қарсы қолданылатын табиғат қорғау шараларын қызу қолға алмайынша, біздің біржақты көзқарасымыз ешқашан өзгермейді. Бұл жөнінде де жергілікті халықтың біліп жүргені, қажет болған жағдайда жан-жақты қолдау туғызып, ортақ шаруа төңірегінде тығыз топтасқаны абзал. Өйткені, мұнан былайғы жерде ведомстволық мүдденің желеуінде кете беруге ешбір хақымыз жоқ.

Ақтөбедегі ферросплав заводы да ССРО Қара металлургия министрлігіне бағынады. Бұл ертеректе іске қосылған байырғы кәсіпорындардың бірі. Ауаға тарайтын залалды заттардың 49 проценті осы заводтың еншісіне тиеді. Тек 1988 жылдың өзінде мұнда әуе кеңістігіне 27

мың тонна залалды зат шығарылды. Оның 26 мың тоннасы қатты қалдықтар. Мұндай тозаңдар қалыпты нормадан әдетте 1,3 есе, кейде 2,6 есе асып түседі. Заводтың санитарлық-сақтану аймағында шаң-тозаң құрамы шектік мөлшерден 6—9 есе көп. Завод бойынша залалды зат шығаратын 112 нүктенің тең жартысынан астамы улы газдан айыру, тазарту қондырғыларымен жабдықталмаған. Шаң-тозаң тұтатын немесе ұсақ фракцияларды іркіп қалатын жабдықтардың жұмыс істеуі қанағаттанғысыз. Олар санда бар да, сапада жоқ. Шаң-тозаң мен газдан айыратын тазарту қондырғыларының 22 проценті күткендей нәтиже бермейді.

Және бір айта кететін жағдай — 1934 жылдан бермен қарай осы заводтың таза бұйымдардың сыртындағы қожқалдықтары 9 миллион тоннаға жуық. Ол да завод төңірегінде таутөбе боп үйіліп, біраз аумақты алып жатыр. Сайып келгенде, оның да айнала қоршаған ортаға өзінше салмақ салып, зиян келтіріп жатқаны айдан анық. Біріншіден, осынау өндірістік қалдықтың астында қалған жер аграрлық сектордың айналым қорына қосылмай, пайдасыз дәрежеде. Екіншіден, қара металл қалдықтары ауада тотығып, әуе кеңістігіне әрқалай әсер етуде. Үшіншіден, темір татыған өндірістің сарқынды сулары жерасты суларымен қойындасып, ақ айдындарымызды одан әрі лайлап жатыр.

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің жергілікті жерлердегі кәсіпорындары да әуе кеңістігін ластауға келгенде басқалардан еш қалыспайды. Олардың бұл орайдағы үлес салмағы — 39,3 процент. Әсіресе, Екібастұздағы № 1 ГРЭС төңірегінің бәрін күлмен көмкеріп жатқан жалғыз станция. Ол жылына ашық ауаға 722,4 мың тонна залалды зат шығарады. Ал енді пештің оттығынан түсетін күлдің өзі миллиондаған тонна. Соңғы жылдары бұл станцияның энергоблоктарын қайта жаңғырту арқасында түтін құрамындағы күлді шектеу, кем дегенде 97 процентке жеткізуге қол жетті. 1987 жылмен салыстырғанда ауаға тарайтын залалды заттардың көлемі біраз кемітілді. Соның өзінде ол жобада көзделген мөлшерден 15 есе артық.

Сол сияқты Қызылордадағы № 6 жылу-электр орталығы, Семейдегі №№ 1, 2-ші жылу-электр орталығы, Петропавлдағы № 2 жылу-электр орталығы, Целиноград, Жезқазған, Қарағанды қалаларындағы жылу-электр орталықтары төңірегіндегі елді мекендерді түтінмен тұмшалап, тұншықтырып отыр. Ал енді Ақтөбедегі жылу-электр орталығы, Семейдегі № 3-ші, Шымкенттегі № 2-ші, Қара-